

## Мемлекет резервінен сатылатын материалдар мен тауарларға есеп айырысу тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 27 маусым N 726. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.27. N 1268 қаулысымен. ~P991268

Республиканың қорғаныс қабілетін қажетті деңгейде сақтау, халық шаруашылығының тұрақты жұмыс істеуі, төтенше жағдайлардың зардабын уақтылы жою мақсатында және мемлекет резервіне материалдар мен тауарлар беріп тұру (салу) және оларды босату кезінде есеп айырысу-төлем операцияларының күрделілігін ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Материалдар мен тауарлардың құнын республикалық бюджет кірісіне алдын ала төлемей, оларды мемлекет резервінен босату ісі практикадан шығарылсын. Экспорттық түсімді бюджет кірісіне қоймадан тауар босатқан сәттен бастап бір айлық мерзімде қайтару шартымен шаруашылық жүргізуші субъектілерге алдын-ала төлем жасамай-ақ экспорттауға босатылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тауар босатуға рұқсатты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шаруашылық жүргізуші субъектілерден бюджет алдындағы борыштық міндеттеме алғаннан кейін береді.<\*>

Ескерту. 1-ші тармақ толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.07.13. N 966 қаулысымен.

2. Былай деп белгіленсін:

Мемлекет резервінен материалдық құндылықтар сату сәтіндегі бағалар бойынша алынған құндылықтардың құнын республикалық бюджеттің кірісіне төлеген соң босатылады. Материалдарды мемлекет резервінен ұйымдардың мұқтажына қайтарым жағдайында босату кезінде қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес алушылар тауарлық несиені пайдаланған кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша республикалық бюджет кірісіне процент төлейді;<\*>

мемлекет резервінен материалдар мен тауарларды республикадан тысқары жерлерге сату және беріп тұру үшін өткізген кезде шаруашылық жүргізуші субъектілер оларды тауар сатып алу кезіндегі қолданылып жүрген әлемдік баға бойынша сатып алуға тиіс. Мемлекет резервінен босатылған материалдық игіліктердің құнын ұлттық валютаға қайта есептеу Қазақстан Республикасының

Ұлттық банкі республикалық бюджеттің кірісіне төлем жүргізген күні белгілеген , теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы бойынша жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің  
1997.04.02. N 465 қаулысымен. P970465\_

3. Мемлекеттік резервтен материалдарды, арнаулы өнім мен мемлекеттік мүліктің басқа да түрлері экспорттан сатудан түскен валюталық түсімнің осы тауарларды сатуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің қарауында қалдырылған үлестен аталған материалдар мен мүлік түрлерін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардан сатып алу құнын, сондай-ақ төленген кеден баждарын алып тастағандағы бөлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің валюта шотына есептелінеді деп белгіленсін.<\*>

Ескерту. 3-ші тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.07.13.  
N 966 қаулысымен .

4. Мемлекеттік резервтен материалдарды, арнаулы өнім мен мемлекеттік мүліктің басқа да түрлерін сатуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің қарауына қалдырылатын валюталық түсімнің нормасы осы қаулының 2-тармағында көрсетілген шығыстарды алып тастағандағы экспорттық түсімнің екі проценті мөлшерінде белгіленсін.<\*>

Ескерту. Жаңа 4-ші тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.07.13. N 966  
қаулысымен .

4, 5 - тармақтар тиісінше 5 және 6 тармақтар болып  
с а н а л д ы .

5. Республиканың Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті Экономика министрлігінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 7 мамырдағы N 416-14 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті туралы ережеге осы қаулыдан туындайтын қажетті өзгерістерді енгізсін .

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеттің және Ұлттық банктің келісуі бойынша Мемлекеттік резервте сақталатын және мемлекет резервінен босатылатын материалдар мен тауарларды қаржыландыру, есепке алу және оларға есеп айырысу тәртібі туралы нұсқауға осы қаулыға сәйкес өзгерістер енгізсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі